

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жетекшісі Қ.А. Токушевпен кездесу
Тақырыбы: «Заң мен тәртіп: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және
студенттердің құқықтық мәдениеті»**

23.10.2025ж-29.10.2025ж

«Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында 2025 жылдың 23–29 қазан күндері университетте студенттер мен олардың кураторларымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жетекшісі Қ.А. Токушевтің кездесулері өтті.

Іс-шараның мақсаты – құқықтық мәдениетті арттыру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, қоғамдық тәртіп пен жеке жауапкершілікті нығайту.

Кездесу барысында студенттерге сыбайлас жемқорлықтың зияны мен оның әлеуметтік-экономикалық салдары түсіндіріліп, маңызды ережелер айтылды:

- жеке банк карталарын бөгде адамдарға беруге болмайды;
- есірткі саудасына және құмар ойындарға қатыспау керек;
- суық қару алып жүруге тыйым салынады;
- тәртіп пен адалдықты сақтау қажет.

Іс-шаралар тәрбиелік әрі ақпараттық сипатта өтіп, студенттердің құқықтары мен міндеттерін саналы түрде түсінуіне ықпал етті.